

Бекітемін
«№66 мектеп-лицей» КММ директоры
Н.М.Мисюрина



Мектепшілік өзін-өзі басқару бойынша жалпы ережелер

Қарағанды қ. 2022-2023 оқу жылы
Г.Караганда 2022-2023 учебный год

Оқушылар Парламентінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Оқушылар Парламенті – көшбасшы, қазақ тілін еркін меңгерген, 7-10 сынып аралығындағы арнайы сайлау арқылы таңдалып алынған оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы.

1.2. Оқушылар Парламенті – мектептегі оқу тәрбиелік процестерді басқарудың жалпы жүйесі болып табылады және оқушылардың қоғамдық пікірлерін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін зерттеу негізінде есепке алады.

2. Оқушылар Парламентінің мақсаты мен міндеттері

2.1. Оқушылар Парламентінің мақсаты:

- Мектептегі оқу үдерісін демократияландыру;
- Оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамыту;
- Оқушылар үшін маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыру;
- Оқушылардың пікірін ескере отыра ортақ мәселелерді шешу;

2.2. Оқушылар Парламентінің негізгі міндеттері:

- Мектептегі оқушылар мен жасөспірімдердің мәселесіне назарын аударту және шешу жолын ұсыну;
- Мектеп әкімшілігімен, педагогтармен, оқушылардың ұйымдарымен бірлесе отырып оқушылардың қызығушылығын жүзеге асыру;
- Оқушылардың қоғамдық-әлеуметтік іс-шараларға қатысуға ынталандыру және қолдау;
- Мектеп оқушыларының құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау;
- Оқушылардың арасында экологиялық, құқықтық сауаттылықты дамыту;
- Оқушылардың сабақтан тыс уақын тиімді пайдалануға ат салысу;

3. Оқушылар Парламентінің Функциялары

3.1. Парламент өз міндеттерін есәйкес мынадай функцияларды орындайды:

3.2. Оқушылар өмірінің барлық бағыттарын үйлестіру жөніндегі шараларды әзірлейді, қабылдайды және жүзеге асырады.

3.3. Мектеп оқушыларын әлеуметтік-құқықтық қорғауға қатысады.

3.4. Көрсетілген міндеттерге сәйкес басқа функцияларды орындайды.

4. Оқушылар Парламентінің функцияларын қорғау

- 4.1. Өз функцияларын жүзеге асыру үшін Оқушылар Парламенті;
- 4.2. Оқушылар клубын және оқушыларды іс-шараларға тарту;
- 4.3. Парламентке келіп түскен ақпаратты зерделеу, талдау және шешім қабылдау;
- 4.4. Мәселелерді тез арада қабылдауға және шешуге құқығы бар.

5. Оқушылар Парламентінің ұйымдастырушылық құрамы

5.1. Оқушылар Парламенті мынадай негізгі фракциялардан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы
2. Ақпарат фракциясы
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы
5. Қамқорлық фракциясы
6. Мәдениет және өнер фракциясы
7. Дебат қозғалысының фракциясы
8. Экология және еңбек фракциясы

5.2. Оқушылар Парламентін қызметін Президент басқарады

5.3. Мектеп Президенті жалпы оқушылар арасында сайланады.

5.4. Жекелей Фракция бойынша бөлінеді, өзара фракция басшысы тағайындалады, ал міндеттер басқамүшелер арасында таратылады.

6. Оқушылар Парламентінің сайлау реті:

6.1. 7-10 сынып аралығында әр сыныптан, қазақ тілін еркін меңгерген, қоғамдық жұмыстарға мүдделі 1 оқушы өтінім білдіреді. Оқушылар өз бағдарламаларын жасап ұсынады, бекітілген жағдайда мектеп-лицей сайтына жүктеледі. 7-10 сынып оқушылары дәстүрлі және онлайн форматта дауыс береді.

6.2. Парламент отырысын Президент басқарады, ал ол болмаған кезде – жауапты бір мүше басқарады.

6.3. Парламент жиналысы ашық өтеді.

6.4. 6.5. Оқушылар Парламентінің шешімдерін жиналысқа қатысушылардың көпшілігі қабылдайды. Парламенттің мүшелерінің көпшілігі қатысқан және дауыс берген жағдайда жарамды болады. Кеңестің шешіміне Президент қол қояды.